

№1 мектеп-лицейінде өткізілген қамқоршылық кеңес отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ

Құлан ауылы

28.09.2020 ж.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп директорының жаңа оқу жылына құрылған жұмыс жоспары мен танысу.
2. «Мектепке жол» акциясы.
3. Мектеп инспекторының есебі.

Қатысқаны: Сегіз адам, үш адам себепті жағдаймен қатыса алмады.
Отырыс зум режимінде өтті.

Тыңдалды. *А.Ж. Кыдырова – мектеп директоры:*

2020-2021 оқу жылында №1 мектеп лицейі қашықтықтан оқып, білім алатынын айтып өтті, жалпы оқушы саны 974, оның ішінде 1 сынып – 122 оқушы, 11 сынып – 43 оқушы және мектеп алды даярлық сыныбында – 123 оқушы білім алатындығын хабарлады. 1-4 сынып аралығында 49 оқушы дәстүрлі білім алуда Мектептегі аз қамтылған оқушы саны – 339, осы оқушылар арасынан ыстық тамақпен қамтылуға өтініш берген көп балалы отбасыларының құжаттарын зерделеуге мектептің қамқоршылық кеңес төрағасы мен кеңес мүшелерінің атсалысуын айтып өтті. Мектептің 2020 жылы күрделі жөндеу жұмыстарынан өттіп жатқанын хабарлады. 2020 оқу жылында «Кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі» тақырыбында зум режимінде ата – аналар жиналысы өтті.

Тыңдалды. *Г.М.Шакабаева – әлеуметтік педагог:*

2020-2021 оқу жылында ыстық тамаққа 58 отбасынан 114 оқушының құжаты жиналды, оның ішінде 28 – көпбалалы, жартылай жетім, азқамтылған отбасынан құжаттар жиналды.

2020 жылдың 1 шілде мен 30 қыркүйек аралығында ҚР Білім және ғылым министрінің бастамасымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілгенін хабарлады. Аталмыш акция «Жүректен жүрекке!» атты ұранымен өтті. Ата – ана демеушілігімен, мектеп қызметкерлері демеушілігімен түскен қаржы -55000 теңгені құрағандығын хабарлады.

Жалпы «Мектепке жол» акция қорытындысы бойынша 55 мың теңгеге аз қамтылған, көп балалы отбасынан 11 оқушыға оқу құралдарымен көмек көрсетілді.









Тыңдалды: *Байтишев Сакен – АІБ-нің ЖПҚ-ның ЮПТ инспекторы*
Жасөспірім балалар арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбында оқушылармен ашық әңгіме жүргізу. Зорлық-зомбылық, жаяу жүргінші жол ережесін сақтау, бөтеннің мүлкін ұрламау, түнгі рейттер ұйымдастыру

жоспарланып отыр. Заңды өкілісіз көшеде жүрген жасөспірім балаларды анықтау және бақылауға алу жұмыстары жүргізілуде.

Сөйледі: М.М.Иманов – қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Мектептің қамқоршылық кеңесінің қызметі және отбасы мен мектептің өзара іс – қимылын күшейту бойынша жұмысының жақсы жүргізілгендігін, мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы ескеріліп, демеуші тарапынан көмек ұйымдастыру «Қамқоршылық» кеңес мүшелеріне тапсырылды. Кәсіпкерлерге хат тарату, мектепке көмек беру туралы айтып өтті.

Ұсыныс: Мектептің оқу процесін цифрландыру шеңберінде оқушылар мен педагогтардың ІТ құзыреттіліктерін арттыру мақсатында жұмыс жүргізілсін.

- | | | |
|--------------------------------------|--|-----------------|
| 1. «Қамқоршылық» кеңесінің төрағасы: |  | М.М.Иманов |
| 2. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | Д.Н.Абилов |
| 3. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | Т.Т.Есмурзаев |
| 4. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | М.П.Вигель |
| 5. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | Ж.А.Болатбеков |
| 6. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | П.Толқынбаева |
| 7. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | Л.Қ.Есбергенова |
| 8. «Қамқоршылық» кеңесінің мүшесі: |  | А.Оразбаева |